

**«Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы  
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес  
микрокредит беру туралы шарттың (Қосылу шарты)  
стандартты талаптары  
«Ваш столичный ломбард» ЖШС сайтында жарияланған  
<https://vsl.kz>**

Осы микрокредит берудің стандартты шарттарын (бұдан әрі – Қосылу шарты) «Ваш столичный ломбард» ЖШС Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде қолдану үшін әзірледі және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына сәйкес Микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптарын айқындайды.

Стандартты талаптар қолданылған шарт «Ваш столичный ломбард» ЖШС және микрокредит берудің жеке талаптары бар және Кепіл билетінің ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа қосылу туралы Қарыз алушы қол қойған өтінішті қамтитын кепіл билетін (бұдан әрі – Кепіл билеті) Қарыз алушы (бұдан әрі - Қарыз алушы) арасында қол қою жолымен жасалады

Кепіл билеті мен Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды және одан әрі бірлесіп Шарт деп аталады. Кепіл билетінде және Қосылу шартында қолданылатын «Шарт» ұғымы Кепіл билетінің мазмұнына да, Қосылу шартының мазмұнына да тең дәрежеде қатысты.

## **1. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ**

1.1. Қосылу шартына және Кепіл билетіне сәйкес «Ваш столичный ломбард» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Қарыз алушыға (Кепіл берушіге) – жеке тұлғаға Қосылу шартында және Кепіл билетінде белгіленген тәртіппен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік (бұдан әрі – «кепілге салынатын зат» немесе «кепіл мүлкі») кепілімен микрокредит береді.

1.2. Осы Қосылу шартына қосылу мақсатында Ломбард пен Қарыз алушы жасасатын Кепіл билеттері «Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген микрокредит беру туралы шарттар болып табылады, бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен есептік көрсеткіштің **сегіз мың еселенген** мөлшерінен аспайды.

1.3. Микрокредит сомасы және микрокредит берудің өзге де жеке шарттары Кепіл билетімен айқындалады. Бір микрокредит бойынша берілетін шекті сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайды. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады.

Шартқа уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша оның тараптары қол қойған, оның ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

1.4. Микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер: тұтынушылық мақсаттарға.

1.5. Микрокредит кепіл затын кепілге қабылдағаннан кейін Кепіл билетіне қол қойылған күні Ломбардтың кассасында қолма-қол ақша беру арқылы ғана беріледі.

1.6. Микрокредит берудің шекті мерзімі микрокредит берілген күннен бастап күнтізбелік **12 (он екі) айдан аспайды** және Кепіл билетінде көрсетіледі.

1.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: бір рет, Ломбард кассасына қолма-қол ақшамен немесе Ломбардтың келесі деректемелері бойынша қолма-қол емес тәсілмен:

**«Ваш столичный ломбард» ЖШС**

**БСН 100940008741**

**ЖСК (шот) №KZ30722S000001541020**

**БСК CASPKZKA**

1.8. 1.8 Қарыз алушының микрокредит сомасын өтеу (қайтару) әдісі және сыйақы төлеу Қарыз алушының таңдауы бойынша мынадай өтеу әдістерімен жүргізіледі:

- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- қосымша әдіспен (біржолғы төлем) – бұл ретте негізгі борышты және сыйақыны өтеу Кепіл билетінің қолданылу мерзімінің соңында жүргізіледі (егер бұл Микрокредиттер беру ережелерінде көзделген жағдайда).

1.9. Қарыз алушы таңдаған микрокредитті өтеу әдісі Кепіл билетіне Қосымша болып табылатын Микрокредиттерді өтеу кестесінде көрсетіледі.

1.10. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі.

Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушымен жасалған Кепіл билеті бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- Ломбардтың Қарыз алушының берешегін соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;

- тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

- сыйақы бойынша берешек;

- негізгі борыш бойынша берешек.

1.11. Негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазу тәртібі және оның мөлшері:

- борыштық жүктемені азайту мақсатында негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбының мөлшері әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін негізгі борыш сомасының пайызымен ғана есептеледі және кепіл билетінде көрсетіледі;

- Ломбард сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалған күннен кейінгі күннен бастап міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық айыбын есептеуі мүмкін. Егер Қарыз алушы кепілдік берілген мерзім өткеннен кейін Кепіл мүлкін сатып алатын болса, тұрақсыздық айыбы Кепіл мүлкінің мерзімі өткен бүкіл кезең үшін, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік **90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге** есептелуі мүмкін.

1.12. Қарыз алушының микрокредитті Ломбардқа қайтаруды орындауын қамтамасыз етуі: Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған, Ломбардтың микрокредитті қамтамасыз етуі үшін қабылдауға тыйым салынбаған жылжымалы мүлкі болып табылады. Кепіл мүлкінің толық сипаттамасы Кепіл билетінде көрсетіледі.

1.13. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар: Ломбард Шартта көрсетілген кепілдік берілген күту мерзімі өткеннен кейін кепіл нысанасын соттан тыс

өткізуді жүзеге асырады. Қарыз алушы (Кепіл беруші) Шартқа қол қоя отырып, кепіл затын соттан тыс, оның ішінде сауда-саттық өткізбестен өткізуге өз келісімін білдіреді. Ломбардтың кепіл затын пайдалану мүмкіндігі Шартта белгіленген негіздер бойынша кепіл затын соттан тыс, оның ішінде сауда-саттық өткізбей өткізуді жүргізумен шектеледі.

1.14. Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард мынадай шаралар қолдануға құқылы:

1.14.1. Қарыз алушыдан микрокредит сомасын өтеуді және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету;

1.14.2. микрокредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін, оның ішінде нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Кепіл мүлкінен өндіріп алу;

1.14.3. кепілдік берілген мерзім өткеннен кейін Кепіл мүлкін соттан тыс, оның ішінде сауда-саттықты жүзеге асырмай сату.

1.15. Кепіл билетінің қолданылу мерзімі: оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

1.16. Ломбард егер жоғалту немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, кепілге салынған мүліктің жоғалғаны, сақтылығы немесе бүлінгені үшін жауапты болады. Сондай-ақ, егер кепіл мүлкін жоғалту немесе бүлдіру үшінші тұлғалар жасаған ұрлық салдарынан, ереуілдер, жаппай тәртіпсіздік, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан болса, Ломбард жауапкершіліктен босатылады, бірақ бұл ретте Ломбард кепілге салынған мүліктің сақтылығын қамтамасыз ету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға міндетті.

1.17. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған барлық залалдарды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

1.18. Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелердің орындалуына жауапты болады.

1.19. Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер:

- мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Жеңіс даңғ., 24 ү., 7 т.е.бөл. Тел.: 8-7172-72-90-74

-электрондық мекенжайы: lombvsl@yandex.kz

- Интернет-ресурс: <https://vsl.kz>

Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына, ал құқықтар берілген жағдайда микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлғамен өзінің Қазақстан Республикасының заңнамасында микрокредит беру туралы шарт шеңберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер қарыз алушының сервистік компаниямен құқықтық қатынастарына қолданылады.

1.20. Кепіл билеті Микрокредит беру туралы шарт және Кепіл шарты болып табылады.

1.21. Кепіл мүлкі Ломбардтың иелігінде және сақталуында қалады (кепілзат).

1.22. Кепілдік берілген мерзім – күнтізбелік 30 (отыз) күнді құрайтын уақыт кезеңі, осы мерзім ішінде Ломбард кепіл мүлкін өткізу құқығын қолданбай, микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін ломбардта кепіл мүлкін сақтауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.23. Кепіл билеті бойынша ҚР микроқаржы қызметі туралы заңнамасына сәйкес микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады.

1.24. Егер микрокредит сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы

жылына белгіленген ең төменгі есептік көрсеткіштің **мың еселенген** мөлшеріне тең немесе одан асатын болса, мұндай микрокредитті Ломбард Қарыз алушының жолдасының (жұбайының) келісімі болған кезде береді. *(тармақ 01.09.2024 жылдан бастап күшіне енеді)*

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **2.1. Қарыз алушының құқықтары:**

2.1.1. микрокредиттер беру ережелерімен, микрокредиттер беру бойынша Ломбард тарифтерімен танысу;

2.1.2. алынған микрокредитті Кепіл билетінде және осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда иелік ету;

2.1.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу;

2.1.4. Ломбардқа тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

2.1.5. Ломбард Қарыз алушымен жасалған шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда, үшінші тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгіну;

2.1.6. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша түрде жүгіну;

2.1.7. ұйымның шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған және (немесе) жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын, оның ішінде төменде көрсетілгендерге байланысты басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер бар өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбардқа бару:

- сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып, микрокредит мерзімін өзгертуге;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

2.1.8. қарыз алушы бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, ұйымның шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

2.1.9. қарыз алушы Ломбард Қарыз алушыға берген басқа микрокредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард келіскен кезде Кепіл мүлкін беруге құқылы.

2.1.10. микроқаржы қызметі туралы заңнамада, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2.1.11. Егер Ломбард берілген Кепіл билеті бойынша жақсартатын шарттарды біржақты тәртіппен қолданған жағдайда және Қарыз алушы олармен келіспеген жағдайда, ол Кепіл билетінде көзделген тәсілдермен бас тарту туралы хат жолдай отырып, тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде олардан бас тартуға құқылы.

2.1.12. Қарыз алушы – әскери қызметші (сенімхат бойынша қарыз алушы-әскери қызметшінің мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) Ломбардтың Хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жазбаша нысанда бас тарту туралы өтінішті жолдау арқылы не ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепіл билетінде

қарастырылған тәсілмен Мерзімді әскери қызметке шақырылуына байланысты Ломбард ұсынған кейінге қалдырудан бас тарту.

## **2.2. Ломбардтың құқықтары:**

2.2.1. Қарыз алушыдан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

2.2.2. Себептерін түсіндірмей микрокредит беруден бас тарту;

2.2.3. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

2.2.4. Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржы қызметі туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға Кепіл билеті бойынша құқық (талап ету) беру;

2.2.5. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыру;

2.2.6. Кепіл билетінің шарттарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен, Қарыз алушыдан осындай өзгеріске келісім болған кезде ғана өзгерту;

2.2.7. негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, қарыз алушының берешек бойынша қарсылықтарын қарыз алушының ұсынбау өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, берешекті қарыз алушының келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алу.

2.2.8. «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Кепіл билетінде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

## **2.3. Ломбардтың міндеттері:**

2.3.1. Қарыз алушыға оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабарлау;

2.3.2. Қарыз алушыға, егер ол мерзімді әскери қызметке шақырылған жағдайда, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді микрокредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыруды ұсыну.

Қарыз алушы Қосылу шартының 2.1.12-тармағында көзделген берілген кейінге қалдырудан бас тарту туралы өтінішті жіберген жағдайда, Ломбард осы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қарыз алушыны Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен төлемдерді кейінге қалдырудың күшін жою туралы және микрокредит бойынша сыйақы есептеуді қайта бастау туралы хабардар етеді.

Осы тармақтың талаптары заңды күшіне енген сот актісі бар Кепілзаттық билетке, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушы жазбаға, Кепілзаттық билет бойынша берешекті реттеу үшін не Кепілзаттық билет бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін жасалған бітімгершілік келісімге немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қолданылмайды.

2.3.3. Қарыз алушыдан міндеттемелерді орындауды қабылдау;

2.3.4. Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалғанын растайтын құжатты беру және Қарыз алушы Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Кепіл билетіне сәйкес Кепіл мүлкін дереу қайтару;

2.3.5. Кепіл билеті бойынша ұйым құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған Кепіл билетін беру кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету;

- талап ету құқығын басқаға беру шартын жасасқанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Кепіл билетінде көзделген тәсілмен осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеу туралы;

- микрокредит беру туралы шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өтіп кеткені туралы, басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, микрокредит беру туралы шарт бойынша одан әрі төлемдерді үшінші тұлғаға (өзіне микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін) жүзеге асыру қажеттілігін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып.

2.3.6. қолданыстағы заңнамамен белгіленген мерзімде алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беру;

2.3.7. Ломбард Кепіл билетінде көзделген тәртіппен шарттарды жақсартушы қолданған жағдайда Кепіл билетінің шарттарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету;

2.3.8. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы мұндай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органға, сондай-ақ қарыз алушыларға (өтініш берушілерге) Ломбардтың орналасқан жері бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында, сондай-ақ қарыз алушы (өтініш беруші) – жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша тиісті ақпаратты жариялау жолымен не әрбір қарыз алушыны (өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету жолымен хабардар ету;

2.3.9. микрокредиттер беру ережелерінің көшірмесін Ломбард қарыз алушысының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында орналастыру;

2.3.10. қарыз алушыға микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат беру;

2.3.11. микрокредит беру құпиясын сақтау;

2.3.12. қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей мыналар туралы хабардар ету:

- шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

- қарыз алушы – жеке тұлғаның шарт бойынша ұйымға жүгіну құқығы туралы;

- қарыз алушының шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

2.3.13. қарыз алушының өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және қарыз алушыға - жеке тұлғаға жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен мыналар туралы хабарлау:

- шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

- берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

- бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы.

2.3.14. микроқаржы қызметі туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

#### **2.4. Қарыз алушының міндеттері:**

2.4.1. алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша Кепілді билетте

белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы төлеу;

Микрокредит мерзімінен бұрын өтелген жағдайда сыйақыны есептеу кезінде микрокредитті беру күні және толық орындалған күн бір күн болып есептеледі;

2.4.2. Ломбардтың талабы бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсыну;

2.4.3. Ломбардқа микрокредит сомасын қайтару жөніндегі шығындарды өтеу;

2.4.4. Ломбардқа өзінің анкеталық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерді орындауына әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы дереу жазбаша хабарлау;

2.4.5. мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қоюы және/немесе алып тастауы нәтижесінде туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеу;

2.4.6. жеке куәлікті (төлқұжатты), тұрғылықты жерін, ұялы телефон нөмірін, электрондық пошта мекенжайын ауыстырған, сондай-ақ сауалнамада көрсетілген өзге де мәліметтерді, байланыс деректерін/деректемелерін өзгерткен кезде, осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа хабарлама жолдау;

2.4.7. өзге де талаптарды орындау, сондай-ақ кепіл билетінде, микроқаржы қызметі туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жауаптылықта болу.

### **3. ЛОМБАРД ҮШІН ШЕКТЕУЛЕР МЫНАЛАРДЫ КӨЗДЕЙДІ**

3.1. Сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

3.2. Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

3.3. Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді Қарыз алушыдан талап ету;

3.4. Кепіл билеті бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

3.5. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

3.6. Кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Кепіл билеті бойынша микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге құқығы жоқ;

3.7. Кепіл билетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Кепіл мүлкін пайдалану және оған билік ету;

3.8. Микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан аспайды, бірақ микрокредит беру туралы шарттың қолданылу жылы үшін микрокредит берілген соманың он пайызынан артық емес есептеу және талап ету.

3.9. Ломбардтың коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, оның үшінші тұлғалармен нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету болып табылатын шарт (бұдан әрі – берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуына тыйым салынады.

3.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе микрокредит беру туралы шартта өзгеше көзделмесе, Ломбард микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) қарыз алушының келісімінсіз басқаға беруге құқылы емес.

3.11. Микрокредит беру туралы шарт бойынша бір қарыз алушыға қатысты құқықты (талап етуді) бірнеше тұлғаға беруге жол берілмейді.

3.12. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейін өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде ломбард:

- сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге;
- берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

3.13. Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге құқылы емес.

3.14. Қарыз алушының Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде Ломбардтың микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

3.15. Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға тыйым салынады;

3.16. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа жүгінуге жол берілмейді;

3.17. Жеке тұлғамен жасалған Кепілзаттық билеттің қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайтуға тыйым салынады;

3.18. Мұндай қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Ломбардқа көрсететін жағдайларды қоспағанда, Ломбардқа берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау жөніндегі қызметтерді үшінші тұлғалардан алуға тыйым салынады.

3.19. Ломбардқа Қарыз алушыға оның кредиттік есебінде микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған кезде микрокредиттер беруге тыйым салынады.

#### **4. БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР.**

4.1. Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Ломбард Кепіл билетінде көзделген тәсілмен және мерзімде қарыз алушыны мыналар туралы хабардар етуге міндетті:

4.1.1. Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

4.1.2. Кепіл билеті бойынша қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

4.1.3. қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдары туралы.

4.2. Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

4.3. Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы – Ломбардқа баруға және жазбаша



нысанда өтініш беруге не Ломбардтың электрондық мекенжайына Кепіл билетінде көрсетілген өзінің электрондық мекенжайынан Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін, оның ішінде төменде көрсетілгендермен байланысты басқа расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын осындай өтініштің түрлі-түсті бейнесін жіберуге құқылы:

4.3.1. сыйақы мөлшерлемесін не Кепіл билеті бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

4.3.2. негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

4.3.3. берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

4.3.4. микрокредит мерзімін өзгертуге;

4.3.5. мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

4.3.6. кепілге салынған мүлікті Ломбардқа беру жолымен Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға.

4.4. Ломбард Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қарайды және Қосылу шартында көзделген тәсілмен Қарыз алушыға мыналар туралы хабарлайды:

4.4.1. Кепіл билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

4.4.2. берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

4.4.3. бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Кепіл билетінің шарттарын өзгертуден бас тарту туралы.

4.5. Ломбард пен Қарыз алушы арасында Қосылу шартының 4.4-тармақшада көзделген Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Кепіл билетінің шарттарын өзгертуден бас тарту болып саналады. Бұл мерзім екі тараптың келісімі болған жағдайда ұзартылуы мүмкін. 4.6.

Уәкілетті орган Қарыз алушының өтінішін оның Ломбардқа өтініш білдіргені және Ломбардпен Кепіл билетінің шарттарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегені туралы дәлелдемелерді ұсынған кезде қарайды. Қарыз алушының өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

4.7. Осы Қосылу шартының 4.1.1-тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған жағдайларда, сондай-ақ Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша осы Қосылу шартының 4.3-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы мен Ломбард арасында Кепіл билетінің шарттарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайда, Ломбард:

4.7.1. Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарастыруға құқылы. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау Ломбардтың микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

4.7.2. берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу мен реттеуге коллекторлық агенттікке беру. Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге Кепіл билетінде Ломбардтың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде, Қарыз алушы Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде жол беріледі;

4.7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Кепіл билетінде көзделген шараларды қолдану, оның ішінде Кепіл билеті бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгіну, сондай-ақ кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алу;

4.7.4. Қарыз алушыда ақшалай міндеттемені орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асқан кезде Кепілзаттық билет бойынша құқықты (талаптарды) Қосылу шартында белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқаға беру (бұл талап Қарыз алушыға

қатысты "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімі қолданылған жағдайда қолданыла алмайды).

4.9. Кепіл затын сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Қосылу шартында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының берешекті реттеу жөніндегі өтінішін Ломбард қараған кезеңде жол берілмейді.

4.10. 4.1-тармақта көзделген Қарыз алушыны хабардар ету нысаны, осы Қосылу шартына қосымшада баяндалған.

## **5. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШЛІГІ**

5.1. Осы Шарттың талаптарын бұзғаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Шарт бойынша туындайтын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

Ломбард Ломбардтың мемлекеттік тіркелген жері бойынша сотқа Шарт бойынша туындайтын дау бойынша талап қоюға құқылы және Қарыз алушы өз келісімін береді. Шарт бойынша дауды қарау үшін сотты таңдауды Ломбард жүзеге асырады.

5.3. Тараптардың ешқайсысы шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл орындамау немесе тиісінше орындамау су тасқынының, өрттің, жер сілкінісінің және басқа да дүлей зілзалалардың, сондай-ақ соғыстың, қоршаудың, мемлекеттік биліктің актілері мен әрекеттерінің және тараптардың еркіне және Тараптардың еркіне тәуелді емес Шартқа қол қойылғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күштің басқа да мән-жайларының нәтижесі болып табылса, жауапты болмайды.

5.4. Ломбард қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөнінде келісімге қол жеткізілмеген және қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтар бермеген жағдайда, қарыз алушының келісімін алмастан, нотариустың атқару жазбасының негізінде негізгі борышты, сыйақыны және айыппұлды (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алуға құқылы.

## **6. КЕПІЛ БИЛЕТІ МЕН ҚОСЫЛУ ШАРТЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

6.1. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, қосымша келісім жасайды және Қарыз алушыға береді.

6.2. Микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеген кезде сыйақының кейінгі сомасы негізгі борыштың қалдығына қайта есептеледі және Қарыз алушыға Қосымша келісім беріледі.

6.3. Кепіл билетін Ломбард ұзартуы мүмкін (Ломбардтың қалауы бойынша, ол мерзімін ұзартудан бас тартуы да мүмкін). Бұл ретте микрокредит берудің жалпы мерзімі микрокредит алған күннен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс.

6.4. Ломбард Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы, олар Ломбардтың <https://vsl.kz> сайтында жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, егер оларда өзгеше көзделмесе және олар енгізілгеннен кейін жасалған Кепіл билеттеріне қолданылса.

6.5. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін мұндай өзгерістер мен толықтырулар Ломбард пен Қарыз алушы арасында Кепіл билеттеріне қосымша келісімдер жасалған жағдайда қолданылады.

6.6. Тараптар Кепіл билетіне қосымша келісім жасасу арқылы Қосылу шартының талаптарына өзгерістер енгізе алады. Мұндай өзгерістер Тараптардың осы Кепіл билеттегі қатынастарына қолданылатын болады.

## 7.ӨЗГЕ ШАРТТАР

7.1. Кепіл билетіне қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа Қарыз алушының дербес деректерін жинауға және өндеуге және пайдалануға (қағаз тасығыштарда және/немесе Ломбардтың массивтерінде және/немесе деректер базасында электрондық форматта жинауды, өндеуді және сақтауды қоса алғанда), сондай-ақ Ломбардпен ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы ақпарат беруге, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге және кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді Ломбардқа және ішкі істер органдарына беруге сөзсіз жазбаша келісім береді.

7.2. Тараптар Ломбардтан Қарыз алушыға кез келген хабарламалар, оның ішінде кепілзаттық мүліктің сауда-саттығы туралы хабарламалар тиісті тәсілмен ресімделгенін және мұндай хабарламалар Ломбардты таңдау жөніндегі мынадай тәсілдердің бірі арқылы жіберілген кезде Қарыз алушыға жеткізілгеніне осымен келіседі және растайды:

7.2.1. Кепіл билетінде көрсетілген Қарыз алушының мобильді нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде (мәтіндік хабарламалар /фотосуреттер /суреттер алмасу қолданбасының мессенджерлерін қоса алғанда) және/немесе;

7.2.2. Кепіл билетінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына және/немесе;

7.2.3. Кепіл билетінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша, оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса және/немесе;

7.2.4. хабарламаны тікелей Қарыз алушыға тапсыру жолымен және/немесе;

7.2.5. хабарламаны/хабарландыруды жергілікті баспасөзде ресми жариялау жолымен.

Хабарламаны адресатқа, алушыға тапсырудың мүмкін еместігі туралы не оны қабылдаудан бас тартуына, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауына байланысты белгі соғылып қайтарған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. Хабарлама/хабарландыру жергілікті баспасөзде ресми жарияланған жағдайда хабарлама/хабарландыру жарияланған сәтінен бастап жеткізілген болып есептеледі.

7.3. Кепілдік мүлікті сақтандыру талап етілмейді.

7.4. Қарыз алушы өз міндеттемесін тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард кепілдік берілген кезеңнен кейін Кепіл мүлкін соттан тыс сатуды немесе мүлікті Ломбардтың меншігіне көшіруді жүргізетіндігімен келіседі.

Егер кепіл мүлкін сату кепіл билетінде көрсетілген бағалау құнынан төмен баға бойынша жүргізілген жағдайда, онда негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (залалдарды) жабу үшін ақша сомасы жеткіліксіз болған кезде Ломбард қарыз алушының басқа мүлкі есебінен өтеу құқығын өзіне қалдырады.

7.5. Қарыз алушының ломбардтағы кепіл билеті бойынша міндеттемелері кепіл затының сатылуына немесе мұндай мүліктің кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

Кепілге салынған мүлік сатылған, сондай-ақ мұндай мүлік кепіл ұстаушының (Ломбардтың) меншігіне өткен кезде Кепіл билетінің қолданылуы мен бір мезгілде кепіл беруші болып табылатын қарыз алушының міндеттемесі бір мезгілде тоқтатылады.

Міндеттеме тоқтатылғаннан кейін қарыз алушы (клиент) Ломбардқа талап қоймайды.

7.6. Осымен Қарыз алушы email (эл.пошта), ұялы байланыс операторларының және/немесе өзге де телекоммуникациялық қызметтерді жеткізушілердің мобильді қолданбалары, SMS хабарламалар арқылы жіберуге, мобильді (ұялы) және Ломбардқа белгілі басқа телефондарға қоңырауларды жүзеге асыруға келісімін береді және осы мәселе бойынша шағымдар мен дау-дамай тудырмауға міндеттенеді.

7.7. Шартқа қол қоя отырып, Қарыз алушы Ломбардқа микрокредит беру құпиясын ашуға, Қарыз алушының жұмыс берушісіне кез келген ақпарат пен құжаттарды; Ломбардтың мүддесін білдіретін үшінші тұлғаларға; сондай-ақ өзге де мемлекеттік тұлғаларға микрокредитті беру, оған қызмет көрсету және өтеу немесе негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы туралы Қарыз алушыны хабардар ету мақсатында; сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу/микрокредитті мерзімінен бұрын қайтару қажеттілігі туралы талапты жіберу мақсатында жазбаша келісім береді.

7.8. Ломбард пен Қарыз алушы Шартта Ломбард пен Қарыз алушы өз мүдделерін негізге ала отырып, өзгертікісі немесе жойғысы келетін қандай да бір шарттар жоқ екенін растайды, сондай-ақ Шарт жасасқан кезде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

7.9. Қарыз алушы кепіл билетінде өзінің қолымен Ломбардтың микрокредиттер беру ережелерімен танысқанын, микрокредит алғанға дейін оның шығындары туралы, микрокредит алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де шарттар туралы, сондай-ақ микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгенін растайды.

7.10. Қарыз алушы мыналар туралы мәлімдейді және кепілдік береді:

7.10.1. кепіл мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі

7.10.2. оның өз атынан осы Шартты жасасуға құқығы бар;

7.10.3. осы Шарт осы Шарттың және Кепіл билетінің талаптарына сәйкес орындалуға жататын Қарыз алушының жарамды және заңды күші бар міндеттемесін білдіреді;

7.10.4. осы Шартқа қол қою сәтінде оның төленбеген салықтар және кейіннен Қарыз алушының төлем қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін басқа да міндеттемелер бойынша міндеттемелері жоқ.

7.10.5. микрокредит алу мақсатында Қарыз алушы берген сауалнама-өтінішке қол қойылған және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

7.11. Кепіл билеті қазақ және орыс тілдерінде, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалады. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алу туралы келісімге келді.

7.12. Ломбард пен Қарыз алушының Кепіл билетімен және Қосылу шартымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7.13. Ломбардтың тізбесі мен мекенжайлары Ломбардтың сайтында жарияланған филиалдары мен қосымша үй-жайлары (бөлімшелері) болады. Филиалды құру және оның қызметін тоқтату, қосымша үй-жайларды (бөлімшелерді) ұлғайту және азайту тәртібі, сондай-ақ осындай өзгерістер туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі мен мерзімдері «Микроқаржы қызметі туралы» заңда көзделген.

7.14. Микроқаржы ұйымы филиалының микроқаржы ұйымымен бірыңғай балансы және микроқаржы ұйымының атауымен толық сәйкес келетін атауы болады.

7.15. Филиалдар мен қосымша үй-жайлар микрокредиттер беру кезінде микрокредиттер беру қағидалары және Ломбардтың басқа да ішкі актілері негізінде жұмыс істейді.

7.16. Қарыз алушы микрокредит бойынша алынған қаражат терроризмді және жаппай қырып-жою қаруын қаржыландыруға және ақшаны жария етуге пайдаланылмайтынына кепілдік береді.

Қосымша: Міндеттемелерді орындамау туралы хабарлама нысаны шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.